



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «ЖЕКПЕ-ЖЕК» ПОВЕСІНІҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Еркебай Динара Ермұханқызы

d.del94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

қазақ әдебиеті мамандығының

1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А. Ә. Үсен

Біз бұл мақаламызда елуінші жылдардың басында жарық көрген Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» повесінің балалар әдебиетіндегі маңызын айқындауды мақсат еттік. Қаламгердің бұл шығарманы жазуына ықпал етуі мүмкін факторлардың аталмыш мақсаттың орындалуына тікелей қатысы бар.

«Жекпе-жек» повесі алғаш 1951 жылы «Он алты жасар чемпион» атымен жарық көрді. Шығармада кішкене Мұраттың он алты жасында студент боксшылардың халықаралық біріншілік жарысына қатысып, чемпион болуына дейінгі бастан кешкен оқиғалары баяндалған. Қазақ боксы дегенде, әуелі еске түсетін есім – Шоқыр Бөлтекұлы. Рингте 223 кездесу өткізіп, оның 199-ында жеңіске жеткен, КСРО спорт шебері атанған алғашқы қазақ та осы – Шоқыр Бөлтекұлы. Оның балалық шағы – қазақ тарихының ең бір азалы да, азапты тұсы. Отызыншы жылдардағы ашаршылықпен арпалыса жүріп, Форт-Шевченко қаласындағы жетімдер үйіне қабылданып, ер жетті. Шоқырдың жасы он алтыға толған жылы Алматыда дене тәрбиесі техникумы ашылады. Ол 1939 жылы аталған оқу орнын бітірген соң, екі жыл Кеңес армиясы құрамында Сібір әскери округінде әскери борышын өтейді. Өзі де жетімкөкірек өскеннен бе, қай жерде жүрсе де қараусыз, қамқорсыз қалған көшенің қаратабан тентектерін, бағусыз қалып, базар жағалағандарды маңдайынан сипап, ізіне ертіпті. Шәкірт жинап, оларды әуесқой боксқа баулуды 1936 жылы бастапты. Сол кездегі алғашқы құрылған «ТЕМП» спорт қоғамының қабырғасында қазақ баласы былғары қолғапты тұңғыш киіп, үйрене бастады. Кейін бұл спорт «Динамо», «Спартак», «Медик», Қарағандыдағы «Көмірші» секілді қоғамдарға ұласып, кең етек жая бастайды.

Шоқыр Бөлтекұлы 50-жылдары Қазақ ССР-нің 3-дүркін чемпионы атанады. Бұл оқиға «Жекпе-жек» повесінің жарық көру уақытымен мезгілдес келеді. Жазушының бұл шығарманы жазуына ықпал етуі мүмкін факторлардың бірі осы жеңіс деп болжадық. Оқиға сюжетіне бокс тақырыбы, оның қызғылықты тартысының арқау болуы тегін емес секілді. Тұрлыбек Мәмесейіт бұл шығарма жөнінде: «Бұл өзі қазақ балалар әдебиетінде соны соқпақ, жаңа дәуір әкелген тың туынды болды. Өйткені спорт тақырыбы бұған дейін дәл мұндай дәрежеде көтерілмеген еді. Оның ішінде бокс туралы алғашқы жазылған қарлығаш шығарма бұл», – деген баға береді [2, 28]. Жазушы шығармаларының негізгі кейіпкерлері мектеп жасындағы оқушылар, жасөспірімдер болып келеді. Сол жас адамдардың мінез қалыптастыру процесін, азаматтық жетілу жолын көрсетуге арналған повестің бірі - «Жекпе-жек». Мұнда жігерлі талабының, еңбексүйгіштігінің арқасында он алты жасында бокстан әлем чемпионы болған Мұрат Батырбаевтың ұнамды бейнесі жасалған. Суреткер Мұрат және оның ұстазы Николай Трофимовичтің, мектеп директоры Тоқмолданың тұлғасын көркемдік шындық деңгейіне көтере алған.

Ал, Шоқыр Бөлтекұлының боксқа келуі қазақ спортының тарихымен байланысты. Қазақ спортының, оның ішінде дене тәрбиесінің даму тарихына үңілетін болсақ, алғашқы спорт үйірмелері тек 1918 жылдан бастап ұйымдастырыла бастаған. 1932 жылы Алматы қаласында дене тәрбиесі техникумы ашылады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында әскери-спорт кадрларын даярлауда көп жұмыс атқарылып, елімізде 1,5 миллионға жуық

әскери-спорт мамандары тәрбиеленеді. 1945-56 жылдары Қазақстанда дене тәрбиесі ұйымдары нығайып, спорт кадрлары өсіп шықты. Осы тұрғыда Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жек» шығармасында соғыстан кейінгі білім беру жүйесінің халі ұтымды сипатталған: «Бір Тоқмолда емес, осы мектептегі басқа мұғалімдердің де төрт аяқтарынан бірден басып, жетісіп тұрғандары шамалы. Ең мықтағандары педучилище бітіргендер. Басқалары осы мандағы орта мектептердің кейі сегізінші, кейін тоғызыншы класын бітіріп, мұғалім болғандар. Маман мұғалімдердің жетіспеуінен әзірше бақыттары жанып, кәсіп қылып жүрген нантабарлар» [3,224]. Сол кездегі қазақ спортының жағдайы мүшкіл болғаны белгілі. Тоқмолда секілділер дене тәрбиесі пәні мен оның маңызына немқұрайлы қарайды: «Сен осы аудандағы басқа мектептерде болып көрдің бе? Солардың бірде-бірінде осы сен істеп жатқандардың көлеңкесі де жоқ. Есіктерінің алдында әлгіндей бір-бір түрнік тұрады. Болды. Тіпті аудандағы мектепте барып көрсең де сол ғана» [3,222]. Мұғалім Николай Трофимовичтың бастауымен спорт үйірмелері ашылғанымен, балаларын дене шынықтыруға баулуға ата-аналар да қарсы болады. Мұның бәрі – сол кездегі жаңашылдықты түсінбеушілік. Жаңа құбылыстың әрқашан бастапқыда үрей мен сенімсіздік тудыратыны мәлім.

Сондай-ақ, «Жекпе-жек» повесінің жазылуына әлем әдебиетінің ықпал етуі мүмкін деп те жорамалдаймыз. Өзін Бердібек Соқпақбаевтың шәкірті санаған Сайын Мұратбеков жазушының әлем классиктері еңбектерімен жастайынан сусындағанын айтқан. Айталық, белгілі американ жазушысы Джек Лондонның «Түйір ет», «Мексикандық» шығармаларымен туындыгер хикаятында белгілі бір үндестіктің бар екендігін байқауға болады. «Түйір ет» әңгімесінде бас кейіпкер Том – кезінде спорт саңлағы болған, талай жекпе-жекте ұтыс тауып, кейінгі кезде денсаулығы сыр берген, орта жастағы адам. Тұрмысы нашар ол, ақша тауып, қарыздарынан құтылу, отбасын тамақпен қамтамасыз ету мақсатында жекпе-жекке шықпақ болады. Жеңімпаз ақшалай бәйгеге ие болады. Рингке шыққан Том өзінің жас қарсыласын көргенде, талай жыл бұрын, дәл осылай, өзі де егде спортшымен бокс алаңына шыққанын, бедел алу үшін оны қалай жеңгенін есіне алады.

Шығарма соңында кейіпкер жеңілістің себебі сонша аңсаған «бір түйір етте» деп шешеді, жоқшылықтың кесірінен деген қорытындыға келеді. Үйден жақсы әлденіп шыққанда, шешуші соққыға сол ет күш беріп, жеңіске жетер едім деген ой оны өкіндіреді.

Шығарма кейіпкерлерінің жекпе-жекте қолданған әдіс-тәсілдерінің шынайы суреттелуі, спорт терминдерінің түсіндірілуі туындының бокс бойынша әдістемелік оқулықтан кем түспейтейіндігін дәлелдейді. Бердібек Соқпақбаевтың «Жекпе-жегі» оқығанда да, спротқа, салауатты өмір салтын ұстауға арналған кеңестерді мәтін ішінен еріксіз түрде көңілге түйіп отырасың. Мәселен, шығармадағы Мұрат – ата-анасының сүт кенжесі. «Дүние жүзінің бар қауіп-қатері ылғи да Мұратты торуылдап жүретіндей сезінеді оларға. Арқандаулы аттай қып, не қыста, не жазда олар Мұратты үй маңайынан ұзатып ешқайда шығара қоймайды» [3,209]. Жаратылысынан, әрі шексіз мәпелеуден нәзік Мұраттың мінезі намысшыл, қайсар, өжет. Сөзге келіспей, төбелестен жеңілген сәтте: «Япыр-ай, осыншама әлсіз болып, нәзік болып туармын ба? Күшті болып, Садықтай болып неге тумадым? Сонда мен оған танытар едім», – деп өзін қажап отырады [3,211].

Жасында нәзік болып өскенімен, ұдайы шынығу, жаттығу арқасында спорт биігіне шыққан Мұрат Батырбаевтың іс-әрекеті ғибратты. Автор «мінсіз» қаһарман жасауды көздемеген. Мұрат алға қойған мақсатына бірден жетпейді. Спорт дәстүрі сіңбеген алыстағы қазақ ауылында секция ашып, жаттығу жүргізу оңай іс болмағаны, бұған Мұраттың ата-анасынан бастап, мектеп директоры Тоқмолдаға дейін қарсы шыққаны, бірақ жас адамның өршіл қайраты күллі қиындық, кедергіні жеңе білгені сенімді ашылған. Мұраттың мақсаттылығын, алған бағытына дәйектілігін сипаттайтын бірталай сын кезең бар. Демек, повесть кейіпкерлері «дайын күйінде» алынбай, түрлі байланыстар, қайшылықтар, күрестер үстінде толысып сомдалған. Жаңа келген мұғалім өзі жан-тәнімен спортты жақсы көргендіктен, балалардың қызығушылығын да түрлі қызғылықты әңгімелер арқылы оятады. «Қажымұқан жаратылысынан күшті болып туған адам. Ал енді жаратылысынан күшті

болып тумаса да, қажымай-талмай жаттығып еңбектенудің, спортпен табанды түрде шұғылданудың арқасында кереметтей күшке ие болған адамдар да толып жатыр. Мәселен, Сандов дейтін атлет жасында талдырмаш арық бала болыпты. Кейіннен ол жұрттың, үйренудің нәтижесінде цирктің арыстанымен күресетін атақты балуаны болып шыққан. Салмағы екі жүз жетпіс килограмм арыстанды екі қолымен тік көтеріп алып, басынан асыра лақтырады екен» [3,236]. Осыдан кейін Мұрат үзбей шынығу, ұдайы жаттығуға кіріседі.

Ал Джек Лондонның «Мексикандық» шығармасында бас кейіпкер Ривера өзі армандаған революцияны ұйымдастыру үшін қажетті қаражатты бокс сайыстарына қатысу арқылы табуды мақсат етеді. Ривера мен Мұраттың арасындағы ұқсастық көп. Әсіресе, мінездерінде. Ривера – тұйық, эмоциясын білдіре қоймайтын, тылсым жан. Алғаш үйірмеге келгенде барлығы одан сезіктенеді. Сезік туғызатын – оның жанары. Жасы кіші болғанымен, оның көзқарасы ызаға толы, қараған шақта үрей туғызады. Өз кезегінде Мұрат та кішкентай кезінен аурушаң, нәзік болғанымен, өзінен әлдеқайда үлкен балалардан қорықпайды. Оларды өзінің айбынымен сескендіретін: «Қара күші Мұраттан басым екенін Садық жақсы біледі. Арқаланып тұрғаны да сол білек күші. Ал Мұраттың сұрланып, ашынып алған жүзінде оның мысын басқандай айбат оты, өткірлік бар еді. Сол себепті де Садық бірінші болып қол жұмсауға бата алмай тұр» [3,211].

Аталмыш шығармаларды салыстыра келсек, Джек Лондонның аталған екі туындысында да бокс – кейіпкерлер үшін күнкөріс, ақша табудың амалы. Ал «Жекпе-жектегі» Мұрат үшін бокс – жан-тәнімен құлшынған сүйікті ісі. Алғашында бокс үйірмесіне қабылданбай қалған ол досы Шәкірдің көмегімен өздігінен жаттығады. Сәті түсіп, мектеп спартакиадасында Садықтың қарсыласы келмей қалып, ұрысқа шығуға Мұрат сұранады: «Мұраттың отты көздеріне тесіле қарап тұрып: «Осы өзі тегін емес», – деп ойлады Николай Трофимович. Оның арық денесі болат сымдай шымырланып, түйіліп алған екен» [3,275].

Әлем әдебиетінен неге Джек Лондонның шығармаларының ықпалын болжауға алдық деген сұраққа жауап берсек, Бердібек Соқпақбаевтың: «Бір сөзбен айтсақ, сол өзін жазатын жазушы менмін. Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан: өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өзімді, өз айналамды тебіrentкен жайттарды дорбалап жинаймын. Солар туралы жазам. Бұл тұрғадан алғанда тағдыр маған көп «көмектесті», қутақыр қалдырмады», – деп жазғандығын көлденең тартар едік [1,65]. Шындығында сараптау-сұрыптауы болғанымен, қоспасы, әсерлеуі, жасандылығы жоқ. Адам баласына, пенде біткенге тән ерекшеліктерді балаға тән тума қасиеттерден, балаға тән аңғалдықтан, тазалықтан іздейді. Сол байқағандарын боямасыз көрсетіп, жалғаны жоқ жасампаз образдар жасайды. Сөйтіп, табиғилықты, жасандылықсыз шынайы өмірді насихаттап өткен жазушының өзі де жаратылысынан жинақы, болмысы таза адам. Өтірікке, көпсөзділікке о бастан жаны қас. Олай болса, Джек Лондонның шығармасындағы кейіпкерлердің ауыр тағдыры автор өмірінің де жеңіл болмағандығын көрсетеді. Мәселен, Ривера кішкентайынан әділетсіздік пен зұлымдықты көріп өседі. Көп мәйіттің ішінен жазықсыз өлтірілген ата-анасының өлі денелерін көргендегі сұмдық сурет санасында мәңгі жатталып қалады. Жанарындағы түнек, ащы мұң мен өткір қайсарлықтың себебін жазушы шығарма соңында, кейіпкер өзінің кек алу мақсатына жеткенде баяндайды. Ешкім Ривераның жеңісіне сенбейді. Денесі кішкентай болғанымен, оның бұлшық еттерінің әбден жаттыққан, мығым екенін байқамайды. Ойын барысында да төреші тарапынан әділетсіздіктер орын алады. Жеңіске жеткенде, зал мүлдем қошемет көрсетпейді. Сол кезде кейіпкер бұл әділетсіздікке мән бермейді, зал ішін отты көзімен аралап өтіп, онда отырған адамдарды өзі аңсаған революцияға қажетті винтовкалар деп есептейді. Ұтыс арқылы, ол сол революцияға қажетті қару-жаракты алуды мақсат еткен болатын.

Бердібек Соқпақбаев шығармасы атауының алғашында «Он алты жасар чемпион» кейіннен «Жекпе-жек» болып өзгертілуін әділетсіздікке, өмірдің қатал сынақтарына, өз бойындағы әлсіздіктерге қарсы жекпе-жек деп түсінуге болады. Өйткені «Жекпе-жекте» де ақтық сайыста Мұратқа бейтаныс адамнан «ұрыстан жеңіл» деген хабар келеді. Өмірдің адамға дайындаған жекпе-жегіне төтеп беруге дайындауда аталмыш «Жекпе-жек» повесінің

маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер. - Алматы: Білім, 2005. - 207 б.
2. Мәмесейіт Т. М 36. Дидар. Әдеби сын. Астана: Елорда, 2005. – 344 бет.
3. Соқпақбаев Б. Таңдамалы.-Алматы:Жазушы,1987. 2-ші т. : Повестер. - 430 б.

ӘОЖ. 82(091)

АҚЖОЛТАЙ АҒЫБАЙ БАТЫР - БИ, ӘРІ АҒАРТУШЫ

Косман Гульжазира Омирбекқызы

a.jazok@mail.ru

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Б.Е.Сыздықова

«Ханның бәрі Абылай емес, батырдың бәрі Ағыбай емес», - дейді қазақтың мақалы. Осы, бір мақалдан Ақжолтай атанған Ағыбай батыр бабамыздың биік мәртебесін тануға болады. Талай-талай шайқастарда қасарысқан қас дұшпанды қаусата жеңген Ағыбай батырдың ісі аңызға, аты ұранға айналған еді. Елдің еркіндігі үшін «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» қаймана қазақты ұрыс даласына бастаған арғын руынан шыққан Ағыбай Қоңырбайұлы 1802-1885 жылдар аралығында өмір сүрген.

Орта жүзден шыққан Ағыбай батырдың ерліктері қазіргі таңда да ұрпақтың есінде сақталып келе жатыр. Ол келер ұрпаққа үлгі болатын ұлтымыздың ұлы жандарының бірі болып қала бермек. Ағыбай Ұлытау өңірінде Қоңырбай батырдың отбасында дүниеге келген. Ол екі жасында әкесіз қалады. Ағыбайдың шешесі Қойсана Абылай ханның сенімді серігі әрі ту көтерушісі болған атақты қазақ батыры Байғозының қызы.

Ес біліп, етек жаба бастағаннан бейбіт жатқан қазақ ауылдарына патша жасағының аяусыз жәбі – жапа көрсететінін көзімен көріп өскен Ағыбай 13 жасында атқа қонады.

1837-1847 жылдар аралығында Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісте бас сардар болып, ерлікпен қалың қолды бастады. Кенесары Қасымұлы еліміздің ең сұлу өлкелерінің бірі Көкшетаудағы Бурабайда хан етіп сайланған тұста өзінің ең сенімді серіктерінің бірі етіп Ағыбай батырды тағайындады. Қазақ халқының ұлы хандарының бірі Кенесарының жақын адамына айналған батыр бар жан тәнімен қазақтың тәуелсіздігі үшін аянбай күресіп өтті. Сол заманда патша үкіметі қазақтың ең шұрайлы жерлерін күшпен тартып алып, орыс шаруаларын қоныстандырғанын білеміз. Сол кезде патша қызметіне алынған қазақтың көптеген феодалдары оларға жағыну үшін өз еліне аяушылық танытпады. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы ата-бабадан аманат болып келе жатқан қазыналы жерлерін жатқа беріп қойғылары келмеді. Ал өз еріктерімен көшкісі келмегендерге күш көрсетіліп туған өлкелерінен қуылды. Бұл қорлыққа күйінген Көкшетау-Қарқаралы жұрты көтеріліске шығуға мәжбүр болғаны тарихтан белгілі жайт. 1826 жылы тамыз айында Ағыбай батыр бастаған қол Қарқаралы бекінісіне шабуыл жасап қарсылық көрсетеді. Осының нәтижесінде барымталанған мал-мүліктерді қайтарып, тұтқындалған адамдарды азат етіп алады. Бұл қазақ халқының ашық наразылық танытқан тұсы еді. Осылай көтеріліс легі орталық Қазақстаннан барлық халықты қамти бастайды. Көтерілісшілердің саны алғашында 1000-ға дейін жетіп, кейін сан мыңдаған әскер топтарының құрылғаны белгілі. Олар патшаның әділетсіз империялық саясатын түбегейлі құртуды мақсат етіп, өз еркіндіктері үшін көптеген жылдар бойы соғысып келген. Өз араларынан мықты ерлер шығып Кенесарыны хан көтеріп, Ағыбай, Наурызбай батырлар ұлы қолды бастаған атақты қолбасшы батырларға айналды. Тіпті, жауға қарсы соғысқанда бірінші қатар «Абылай» деп ұрандайтын болса, екінші топ «Ағыбай» деп шабатын болған. Ежелден бері қазақтың бас хандарының бірі Абылайханның есімі жауға қол бастағанда жауынгерлерге рух бергенін білеміз. Міне, осы ұлы есіммен қатар қазақ